

ЦИТАТА ДНЯ

Максат МАМБЕТКУЛОВ,
главный инженер станции
АЛТЫНКОЛЬ:

« ПЕРЕВОЗКА
ЖЕЛЕЗНОЙ
РУДЫ ЧЕРЕЗ
ПОГРАНПЕРЕХОД
АЛТЫНКОЛЬ –
ХОРГОС ПОЗВО-
ЛИТ УВЕЛИЧИТЬ
ЭКСПОРТ ГРУЗОВ
И ОПТИМИЗИ-
РОВАТЬ ТРАНСПОРТНЫЕ ПОТОКИ, ОБЕСПЕЧИВ УДОБНУЮ И ЭКОНОМИЧНУЮ ДОСТАВКУ ГРУЗОВ ИЗ КАЗАХСТАНА В КИТАЙ

АКТУАЛЬНО

ГОТОВЬ ПЛЕТИ ЛЕТОМ

На Карагандинском участке филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» и отделения магистральной сети осуществляется ввод плетей в оптимальный температурный режим.

В настоящее время по НЖС-4 введено 260 пар плетей, также проведена работа по установке плетей с применением гидравлических натяжных устройств. Так, в ПЧ-27 закреплено 97 пар, ПЧ-24 – 51 пара, ПЧ-26 – 63, ПЧ-28 – 40 пар. Итого 251 пара плетей введена в расчетный температурный режим работы.

Об этом сообщил главный ревизор департамента безопасности движения АО «НҚ «ҚТЖ» по Карагандинскому участку Булатбек Альмураев.

Все вышеперечисленные процедуры производятся после выполнения путевых работ в осенне-зимний период. Что касается дефектных плетей, требующих сварку с применением машины ПРСМ, то из них по Карагандинскому отделению магистральной сети восстановлено 439 штук, временно восстановлено 166, взятых на накладку – 273 штуки. Работы по восстановлению плетей на участках продолжаются.

Как отметил Булатбек Альмураев, на сегодняшний день разработан ряд мероприятий по недопущению выхода скота на пути. Что касается работ по профилактике наездов на людей, то она будет усилена за счет проведения разъяснительных бесед среди местного населения. Кроме того запланированы встречи с руководителями фермерских хозяйств и владельцами скота. Им в доступной форме расскажут о том, как правильно выгуливать животных, если рядом находится железная дорога. В текущем году запланировано строительство ограждений вдоль железнодорожных путей для защиты от бесхозного домашнего скота длиной более 28 километров.

Светлана МОГАЙ, Караганда

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ

ТЕК ОТАНДЫҚ ӨНІМ ТӨСЕЛУДЕ

Ақтөбе жол дистанциясына қарасты Тамды – Ақкемер теміржолының 15,8 км жол телімінде күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып жатыр. Ескі ағаш шпалдар орнына темірбетон салынып, отандық рельстер төселуде. Күрделі жөндеу жұмыстарының нәтижесінде алдағы уақытта бұл телімде пойыздар қозғалысының жылдамдығы артады деп күтілуде.

Ардақ ЕРҮБАЕВА,
Ақтөбе

16 шақырымға жуық жол табанына күрделі жөндеу жұмысы жоспарға сай жүргізілді. Жол дистанциясының ұжымы күрделі құрылыспен айналысуға мамандаған мердігер компания жұмыстарының тиянақты атқарылуын қадағалауда.

– Қазір 15,8 шақырымдық Тамды – Ақкемер жол теліміне күрделі жөндеу жұмыстары толық



ОБУЧЕНИЕ

БЕЗ ОТРЫВА ОТ ПРОИЗВОДСТВА

В АО «КТЖ – Грузовые перевозки» созданы условия для непрерывного повышения уровня профессиональных знаний и навыков работников без отрыва от производства. За 7 месяцев 2019 года руководителями регионального уровня проведено 37 учебно-показательных комиссионных осмотров сооружений, устройств и служебно-технических зданий, а также стрелочных переводов главных и приемо-отправочных путей, находящихся в границах железнодорожной станции.

Ануар ШАКЕНОВ

Руководителями станций проведено свыше пяти тысяч комиссионных месячных осмотров.

Кроме того, около двух тысяч работников локомотивного и вагонного хозяйств повысили квалификацию в Центре оценки и развития персонала железнодорожного транспорта АО «НҚ «ҚТЖ», учебных центрах в Ақтөбе, Павлодаре, Таразе, на станции Караганда-Сортировочная.

В центрах созданы все необходимые условия для обучения. Здесь работают высокок-

валифицированные преподаватели с опытом работы на производстве, имеется соответствующая материально-техническая база, учебно-лабораторный комплекс, оснащенный современной инновационной техникой. В отделениях грузовой перевозок для проведения технической учебы функционируют 280 кабинетов. Помещения оснащены необходимыми техническими средствами обучения: тренажерами, макетами, компьютерами с установленными на них обучающими и тестирующими программами и другим необходимым. Техническая учеба носит непрерывный характер и проводится в течение

всей трудовой деятельности железнодорожника согласно утвержденным планам. Учеба проводится в форме лекций, семинаров, практических и индивидуальных занятий, технических осмотров, консультаций, тренингов. В качестве лекторов выступают опытные наставники, имеющие необходимый уровень знаний по изучаемой теме. Также для железнодорожников проводятся школы передового опыта, конкурсы по соблюдению правил безопасности труда, технические занятия по изучению безопасных методов труда в экстремальных ситуациях.

Целью программы цифровой трансформации является реализация стратегий и решение основных производственных проблем через повышение эффективности группы компаний. Напомним, в прошлом году в ходе аналогичного совещания председатель правления Фонда национального благосостояния «Самрук-Қазына» Ахметжан Есимов поручил сделать программу трансформации максимально соответствующей бизнес-задачам портфельных компаний, уйти от «дуплицирования», а также найти новые подходы, которые будут приводить через трансформацию к увеличению доходности каждой компании.

– Балластар кырышқық таспен, ағаш шпалдар темір бетонмен ауыстырылып жатыр. Со-

сыну су жаңа рельстер төселеді. Қолданылып жатқан құрылыс материалдарының барлығы – отандық өнім. Рельстер өзіміздің Ақтөбе арқалық зауытынан шығады. Жүз метрлік рельстерді өзіміз жалғап, 500-700 метрге дейін созамыз. Барқыт жолдар осылай пайда болады. Мұндай жолдар қозғалыс қауіпсіздігі мен пойыздар жылдамдығын арттырады, – дейді жол салып жатқан мердігер компания «Теміржол жөндеу» мекемесінің басшысы Сергей Нұрбергенов.

Жасалып жатқан жұмыстардың бәрі техника мүмкіндігімен атқарылууда. Бірінші кезеңде, ескі жол сөгіліп алынып, орны арнайы техникамен тазартылды. Одан кейін техникамен қиыршық тас төселіп нығайтылса, үшінші кезеңде техникамен темірбетон шпалдар салынады. Рельстерді арнайы техника орнықтырып, бекітеді. Жол қозғалысқа ашылмас бұрын дистанция мамандары барлық жұмыстарды мұқият тексеруден өткізеді.

Мекеме басшысы Кеңес Нұртаевтың айтуынша, енді Ақтөбе жол дистанциясында 5 шақырымдай жерде ғана ағаш шпалдар бар. Қалған жолдың барлығы темірбетонға ауыстырылған. Алдағы уақытта Ақтөбе – Жіңішке тақ жолындағы ағаш шпалдар темірбетонға ауыстырылмақ.

Суреттерді түсірген автор

ХАБАР-ОШАР

АСТЫҚ ТАСЫМАЛЫ:
ТӘУЛІК БОЙЫ БАҚЫЛАУДА

Астықты өңірлерде жедел астық топтарының тәуліктік жұмысы ұйымдастырылмақ. Компанияның орталық аппаратында ағымдағы жылдың 1 қазанынан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Қанат Әлмағамбетовтің төрағалығымен астық тасымалын ұйымдастыру бойынша штаб жұмысына кірісіпек.

Басты міндет – туындаған мәселелердің жедел шешімін табу. Сонымен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ клиенттерінің қанағаттанушылық деңгейін арттыру үшін өзекті мәселелерді жедел қарастыратын жұмыс тобы құрылды. Одан басқа корпоративтік сайтта жүк жөнелтушілер мен экспедиторлар үшін ақпараттар ұдайы салынып отырады. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-да 8(7172) 60-30-30 call-орталығы жұмыс істейді, оған әрбір адам астық жөнелтуге қатысты мәселелермен хабарласа алады, сонымен қатар «Келісімшарттық және коммерциялық жұмыстар» автоматтандырылған басқару жүйесінің call-орталығы - 8(7172) 60-66-67 номеріне де соғуға болады.

Аталған телефондар бойынша жүк тасымалдауға қатысты қызметтер туралы сұрақтарға жауап алып, мамандар кеңесіне жүгінуге және анықтамалық ақпараттар білуге болады, сондай-ақ сыйбалас жағдайларға және жұмысшылар тарапынан қызметтік міндеттерін асыра пайдаланушылық фактілерін хабарлай алады.

2019 жылдың 7 айында барлығы 6 миллион тонна астық, 1,4 миллион тонна тартылған астық өнімдері тиелді. Астық экспорты 4,7 миллион тоннаны құрады. Астық Орталық Азия, Ресей, Беларусь, Балтық теңізі жағалауы елдері, Иран, Грузия, Әзербайжан, Қытай мен Ауғанстан елдеріне жеткізіледі.

Оның үстіне, астық экспорттың 50%-ы Орталық Азия елдеріне бағытталса, 24%-ы еуропалық бағытта. Ұн тарту өнімінің негізгі көлемі Ауғанстан мен Орталық Азия елдеріне бағытталған.

Мамандардың есебі бойынша, тиелетін жүктердің жалпы көлемі биыл шамамен 10 миллион тонна астық және 1,8 миллион тонна тартылған ұн өнімдерін құрамақ. Ал нағыз шарықтау шегінде айына 1,1 миллионға жуық тоннаға жетпек.

Сарапшылардың айтуынша, вагондар айналымы өз дәрежесінде сақталатын болса, жаңа егінді қолданыстағы вагон паркімен, соның ішінде астық тасымалдайтын вагондармен де, жабық вагондармен де тасымалдауға болады.

Жәнібек КЕҢЕС

КЕЙБІР ТАСЫМАЛ
ТҮРІНЕ ТЫЙЫМ

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Қазақстан аумағынан 6 айға дейін ағаш материалдарының кейбір түрлерін алып шығуға тыйым салды. Оның себебін, елімізде сауда қызметін реттеу мақсатында деп түсіндірілуде.

Осыған орай «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ коммерциялық құрылымдар жүктемесін азайту үшін аталған жүктердің тасымалына арналған логистикалық шешімдер дайындалды. Ол бойынша жүк жөнелтушілердің Ресейден Орталық Азия елдеріне тікелей транзитті Қазақстан аумағы арқылы көлік турлерін ауыстырмай-ақ жүзеге асыруына жағдай жасайды.

Аталған шаралар компанияның бәсекеге қабілеттілік бойынша белсенді саясаты және еліміздің транзиттік әлеуетін жүзеге асыру шеңберінде жүргізілуде. Ағаш материалдарын тасымалдау және тарифтік шарттары, тасымалды ұйымдастыру мәселелері бойынша барлық сұрақтармен «KZ Express» АҚ-ның сағу департаментіне хабарласу керек.

Ұлан ОРАЗ

ЦИФРА НОМЕРА

БОЛЕЕ
430 км
ПУТИ ОТРЕМОНТИРОВАНО
С НАЧАЛА ЛЕТА ПО СЕТИ
АО «НҚ «ҚТЖ»»

ТРАНСФОРМАЦИЯ

КЛЮЧЕВОЙ ПРОЕКТ

В АО «ФНБ «Самрук-Қазына» состоялся Совет по модернизации, в ходе которого обсуждались вопросы цифровой трансформации компаний фонда. В работе Совета принимали участие министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Аскар Жумағалиев, председатель правления фонда Ахметжан Есимов, а также руководители портфельных компаний, в том числе АО «НҚ «Қазақстан темір жолы».

Асель ШАЙХЫНОВА

Открывая заседание Совета, Ахметжан Есимов напомнил о том, что в прошлом году программа трансформации претерпела значительные изменения: фонд объединил программы трансформации и цифровизации, сделал их таким образом максимально эффективными. При этом изменился и подход к выбору проектов, которые входят в програм-

му трансформации, он стал более тщательным, поскольку цель проектов – улучшение бизнес-процессов в портфельных компаниях «Самрук-Қазына».

Определенные результаты принятых изменений уже есть. Так, например, в 2018 году сумма чистых выгод составила 28 миллиардов тенге, а в 2019-м ожидаемая чистая выгода от проектов составляет 40,7 миллиарда. Руководители группы компаний фон-

да представили свои ключевые проекты цифровой трансформации. К примеру, АО «НҚ «Қазақстан темір жолы» переходит с бумажного оформления перевозочных документов на электронный формат. Это позволяет обеспечить прозрачность и повысить эффективность работы с документами. В ҚТЖ большое внимание уделяется внедрению новых технологий в производственный процесс, значительно повышаю-

щих эффективность деятельности.

– В целом, в обновленную программу сейчас входят 56 проектов и 98 мероприятий. «Самрук-Қазына» является одним из ключевых игроков в программе цифровизации Казахстана. Цифровые проекты фонда очень амбициозны, и я уверен, что они внесут значительный вклад в цифровизацию экономики страны, – отметил Аскар Жумағалиев.

Целью программы цифровой трансформации является реализация стратегий и решение основных производственных проблем через повышение эффективности группы компаний. Напомним, в прошлом году в ходе аналогичного совещания председатель правления Фонда национального благосостояния «Самрук-Қазына» Ахметжан Есимов поручил сделать программу трансформации максимально соответствующей бизнес-задачам портфельных компаний, уйти от «дуплицирования», а также найти новые подходы, которые будут приводить через трансформацию к увеличению доходности каждой компании.

АҚПАРАТ

Жастар жылына орай көлік қызметкерлері күні қарсаңында «ҚТЖ - Жүк тасымалы» АҚ филиалдарының жас қызметкерлері арасында «Мен теміржол әулетінің мұрагерімін» байқауы өткені белгілі. Байқау қорытындысымен Мақат локомотив пайдалану депосының 2-класты машинисі Нұрлыбек Аралбеков І-дәрежелі дипломмен марапатталды.



МАШИНИСТ – БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗЫ

Қосыйм МҰҚАШЕВ,
Атырау

Республиканың түкпір-түкпіріндегі теміржолшы жастар қатысқан байқауға жолдаған шығармасында өз әулеті туралы егжей-тегжейлі баяндаған. Әулеттің еңбек жолы мен өмір сүру салтын теміржолмен сабақтастырған. Қалай ата-баба бастаған жолды өкешесі жалғап, бүгінгі таңда аға-інілерімен үшінші буын еңбек етіп жатқандарын, бәрін-бәрін әсерлі етіп әңгімелеген. Аралбековтер әулетінің теміржолдағы жалпы өтілі 300 жылды құрайтынын көрсеткен.

«Аралбековтер жанұясы атамыз Асаннан тараған, отбасындағы 3 ұл, 2 қыз және олардан тараған немерелер – барлығы теміржолшылар. Осы теміржол саласында еңбек еткен аталарымның, аға-апапарымның, бауырларымның еңбек өтілі 298 жылды құрайды. Атамыз Асан Қызылқоға өңірінде 1906 жылы дүниеге келіп, сонау ашаршылық кезінде 1927 жылдары (Үйшік) Гурьев қаласына келіп байддың мұзын ойып отбасын асыраған екен, 1936 жылдары Мақатқа қоныс аударып жол дистанциясында жол жөндеуші болып жасаған, кейін кондуктор болған...» деп бастаған ол бір атадан тараған әулет теміржолшыларын түгел тізіп шыққан. Өз әкесі Жұмабайұлы Тарған да 1982 орта мектепті бітіргесін еңбек жолын жол жөндеушіден бастапты. 1985 жылы Отан алдындағы борышын өтеп келгесін, депода машинист көмекшісінен бастап машинист, машинист нұсқаушысы, жөндеу-шебері, технолог, бас технолог, директордың пайдалану жөніндегі орынбасары, техникалық бөлім бастығы, өндіріс жөніндегі орынбасар лауазымдарын атқарып, «Адал еңбегі үшін» медалімен, бірнеше рет құрмет грамотасымен марапатталған.

Аралбековтар отбасы 2016 жылы Астанада өткен республикалық конкурсқа қатысып, «Үздік еңбек әулеті» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған, сол кездегі ҚР денсаулық министрі Тамара Дүйсенованың қолынан арнайы диплом алған.

Міне, 1990 жылы осындай теміржолшы отбасында дүниеге келген Нұрлыбек әрине, мектептен соң бірден тепловоз машинисі көмекшілерін даярлау курсы бітіріп, еңбек жолын 2009 жылы Мақат локомотив пайдалану депосында тепловоз машинисінің көмекшісі болып бастады. 2011 жылдан тепловоз машинисі, қазіргі таңда 2-класты машинист, жолаушылар тасымалын жүргізеді. Байқау жеңімпазы ретінде ол 150 мың теңгелік сертификатқа ие болып, оны бөлімше басшылығы бүкіл ұжым алдында табыс етті.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗДІК КҮЗЕТІНДЕ

Нұр-Сұлтан станциясында жылжымалы құрамның адам мен мал басыу оқиғаларының алдын алу, профилактикасы бойынша биыл жыл басынан бері талай жұмыстар жүргізілді.

Станцияның қауіпсіздік бойынша бас маманы Маржан Айтмағанбетованың айтуынша, аталған мерзім ішінде № 21, 26, 36, 49, 61 мектептер мен колледждерде темір жол маңайында жүргенде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру бойынша 1531 адам қатысқан 10 кездесу өткізіген. Сонымен қатар мал жаю ережелерімен жолға жақын елді мекендерде 12 рет кездесу ұйымдастырылып, оған 236 тұрғын қатысқан. Темір жолға жақын жүргенде сақтайтын ережелер жадынамасы 407 адамға таратылған.

– Жыл басынан бері желілік тәртіп сақшылары, ЭТЖК, ТЧЭ-11, ЛВЧДР-9 мекемелерімен бірлесіп 14 рейд өткіздік. Соның барысында темір жолдан өту ережесі бұзылған 51 ескертпе берілді. Осы мерзім ішінде станция жұмысшыларымен 7 техникалық сабақ өткізіліп, оларға ҚР бойынша қайғылы жағдайлар туралы ақпараттар берілді, қауіпсіздік белгілерінің болуы мен станция парктөрінің жарықтандырылуы бойынша тексерулер ұдайы жүргізіліп отырады, – дейді Маржан Айтмағанбетова.

Оның айтуынша, теміржол аймағының қауіптілігі туралы 11 белгі жаңартылып, қосымша 13 белгі қойылған. Жолаушылар өткелі, қызметтік жолдар, жолаушылар платформасы талапқа сай, парктің жарықтандырылу сапасы түнгі уақытта арнайы локуметрмен тексеріледі. Қажет болғанда оларды жаңартуға тапсырма беріледі. Бұған қоса малға қарсы қоршаудың бар-жоғына, жолаушылар өткеліне, станция шекарасында ескертпе белгілерінің болуына 7 рет тексеру жүргізілген. 1 ескертпе беріліп, оқшылықтың орны дереу толтырылған. Сонымен қоса темір жол арқылы адамдар көп жүретін жерлерде дауыс зорайтқыш байланыстың жарамды болуы да басты назарда. Бұл бойынша 8 тексеру болған, кемшіліктер дер кезінде жойылған. Станция кезекшілері дауыс зорайтқыш байланыс арқылы белгіленбеген жерлерден темір жолды кесіп өтудің аса қауіпті екенін, пойыздардың келуі мен кетуін, маневрлік жұмыстардың жүріп жатқанын ұдайы хабарлап отырады.

Нұр-Сұлтан станциясы бойынша бөгде адамдардың қауіпсіздігі мен пойыздар қозғалысына қауіп төндіретін бірнеше тегіс бар. Мамандар адамдардың толассыз ағыны әсіресе, станцияның тақ паркі арқылы К. Кемелгерұлы көшесі жағынан вокзалға қарай және станцияның сұрыптау паркі арқылы Ақжол көшесі жағынан вокзалға қарай, станцияның дөңес алды паркі арқылы «Лесозавод» шағын ауданынан Республика даңғылына қарай көп екенін айтады. Сонымен бірге автокөліктер жолымен түйсетін 804 км және 805 км-дегі өткелдер бойынша да адам ағыны көп.

Ұлан ОРАЗ

СҰХБАТ

ҚАТАЛ МАУСЫМҒА ҚАМДАНЫС

Қала қақпасы саналатын вокзалдар адамдар көп шоғырланатын жер. Сондықтан күні-түні халық арылмайтын стратегиялық нысанның жылдың төрт мезгілінде жайлы, жазда салқын, қыста жылы болуы шарт. Алдағы қыс маусымына вокзал шаруашылығының дайындығы қалай, қандай шаруалар тындырылды? Магистральдық желі дирекциясы директорының вокзал шаруашылығы жөніндегі директоры Абай Досановтан осы және басқа сауалдарға жауап алуға тырыстық.

– «Вокзалдардың қызметі ҚР «Темір жол көлігі туралы» заң шеңберінде іске асады. Қазіргі кезде дирекцияға қарасты 244 теміржол вокзалы және 346 жолаушылар платформасы бар. 2018 жылы Құрылыс-жөндеу бригадаларымен 69 вокзалда ағымдық жөндеу жұмыстары жүргізілді. Себебі, бұл вокзалдардың кемшілігі болды. 2014 жылы заңға өзгерістер енген болатын. Онда мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың кедергісіз жүріп-тұруына арналған пандустардың өз параметрлері болды. Біз осы пандустарды кеңейтіп, талапқа сәйкестендірдік. Есту қабілеті нашар тұрғындар үшін анықтама бюросында индукциялық панел, мүгедектер кресло-арбасы жаңартылып, бұл санаттағы тұлғалар үшін күту залдарында арнайы пиктограммалармен белгіленген орындармен, арнайы санитарлық желімен жабдықталып, есіктер саңылаулары кеңейтілді. Нұр-Сұлтан-1 темір жол вокзалында барлық эскалатор ауыстырылды. Сонымен қатар 2016 жылы біз тұрғырымда жасадық, ол кластан тыс және 1-ші класты вокзалдардағы алаңдарды жалға беру ережесіне қатысты болатын. Бұл туралы «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ сайтында берілген және де бұл байқауға бәрі қатыса алады.

– «Қыс шанаңды жаз сайла» демекші, қатал маусым қыр астында. Қыстан қысылмай шығуды қандай амалдары жасалып жатыр?

– Әлбетте, теміржолдың қай шаруашылығы болмасын тәртіп біреу. Сондықтан біз де Компания басшылығының қысқа қамданыс туралы бұйрығын бұлжытпай орындауға міндеттіміз. Нысандарды алдағы 2019-2020 жылдардың қыс маусымына дайындау шеңберінде қабылданған арнайы шаралар жоспары бар. Қазір вокзал шаруашылығы нысандарын жылыту үшін қатты және суық отын түрлерімен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ, қызметкерлерді қысқы арнайы киіммен қамтамасыз ету, жылу трассаларын жылуды

сыртқа жібермейтіндей етіп бітеу, вокзалдарға ағымдық жөндеу жүргізу, қазандықтарды электрлі жылыту құралдарымен қамтамасыз ету, кіреберіс топтарын алмастыру сияқты тағысы тағы шаруалар қат-қабат атқарылып жатыр.

– Ағымдық жөндеуден бөлек, күрделі жөндеу жұмыстарынан өтіп жатқан вокзалдар ше, олар қысқа дейін толық біте ме?

– Бытыр магистральдық желі дирекциясында құрылған құрылыс-жөндеу бригадаларының күшімен биыл 63 ғимаратқа және 17 жолаушылар платформасына ағымдық жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған болатын. Қазіргі күні 15 ғимарат пен 2 жолаушылар платформасында жөндеу жұмыстары аяқталды. Ең үлкен ауқымды жұмыс Қарағанды теміржол вокзалында жүргізіліп жатыр. Яғни, өткен жылы «Камстрой» ЖШС кәсіпорнымен жасалған шарт негізінде Қарағанды теміржол вокзалы осы жылдың соңына дейін қайта құрылымдау және пайдалануға кеңселерді кезең-кезеңмен тапсыру қарастырылған. Қарағанды вокзалын қайта құрылымдау бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға байланысты биылғы 26 наурыздан 1 қыркүйекке дейін вокзал ғимараты жабық тұр. Соған байланысты вокзал әкімшілігінің барлық қызметкерлері ЭЦ қосыны ғимаратына қоныстанған. Ал вокзал ғимаратының алаңын қанағ алып келген кәсіпкерлерге перронда және вокзал маңындағы аумаққа көшуге қосымша келісім жасалған. Жолаушыларға келсек, оларға пойыздарды вокзалға іргелес автовокзалдың күту



залында отырып күтуіне жағдай жасалған.

– Жолаушыларға қолайлы жағдай жасау үшін алдағы уақытта қандай жобалар жүзеге аспақ?

– Вокзал нысанына келіп кетіп жататын жолаушыларға жоғары сервистік қызмет көрсету - біздің басты ұстанымымыз. Сондықтан біз бір жылға жоспар жасағанда, алдымен күрделі және уақыт талап етіп отырған мәселелерді шешуге басымдық береміз. Мәселен, пойыздарды қарсы алып жөнелту кезінде жолаушыларға қолайлы жағдай жасау үшін шаруашылық тәсілмен Қызылорда және Ақжол станцияларындағы жолаушылар платформаларына жөндеу жүргіздік, Бұрабай курорты станциясындағы жолаушылар платформасы ұзартылды. Қазіргі кезде Өскемен станциясындағы платформаны 150 метрге дейін ұзарту бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Сондай-ақ, осы жылдың соңына дейін Жалаңашкөл станциясындағы жолаушылар платформасын 350 метрге дейін ұзарту көзделіп отыр. Сонымен қатар кешегі жарылыстан залал келген Арыс теміржол вокзалына көне келбетіне нұқсан келтірмей, жөндеу жүргізу қарастырылып отыр. Сөз реті келгенде, жолаушыларға бір сәт қолайсыз болып көрінгенімен, шын мәнінде, жеке басты қауіпсіздігін қамтамасыз ететін вокзалдарда бағады тексеріп өткізу құрылғылары туралы да айта кетсек. 2017 жылы енгізілген құрылғы арқылы жолаушылардың бағаждары тексеріліп өткізіледі. Нәтижесі де жоқ емес, тексеріс барысында суық қару, тағы-тағы қауіпті заттар табылып, тәркіленді, қылмыстық іс қозғалған да жағдай болды. Жалпы еліміздегі вокзалдардың жағдайы жаман емес. Алдағы қысқа көзделген шаруалар толық аяқталады деп сендіреміз.


Сұлуғұл БАКЕСОВА

Суретті түсірген Виктор ОРЛОВ

ЛОКОМОТИВ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ТЕЛІМДІК ЖЫЛДАМДЫҚ АРТҚАН

Семей ЖТ бөлімшесінің Павлодар бөлімшесімен шектесер тұсындағы 215,2 шақырымында орын тепкен 2-ші класты Дегелең станциясында Семей локомотив пайдалану депосына қарасты айналым депосы бар.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Локомотив бригадалары ауысым жасайтын, тәулігіне ең-кемі 5-6 ауыр салмақты пойыз жасақталатын станция жұмысы қашан да қауыр. Мұндағы 43 локомотивші уақытпен санаспай еңбек етуге бейлі.

Айналым депосы бастығының орынбасары Әсет Бұтабаевтың айтуынша, дәл қазіргі күні дегелеңдік локомотившілер ЦРБ нұсқауы бойынша «Назар аудар, тежегіш!» атты акция аясында жұмыс жүргізіп жатыр.

– Іргедегі Қаражыра кенішінен көмір тиеу ісі күрт қарқын алған шақта аталмыш шаралардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауда берері мол. Оның аясында күн сайын тиісті жұмыстар жүргізіледі. Жолсапар барысында депо кезекшісі арнайы нұсқаулықтар беріп отырады. Мұның сыртында жоспарлы тексерістер мен қосымша айлықтар жүргізілуде, – дейді Әсет Нұрланұлы.

Қазіргі күні айналым депосы техникалық жылдамдық бойынша жоғары көрсеткішке қол жеткізуде. Оған Дегелең – Жаңа-Семей тегілі бойындағы кума жолдарда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жолдың жаңартылуы себеп болыпты. Соның нәтижесінде жылдамдықтың барлық түрі, әсіресе учаскелік қозғалыс жоғарылаған. Жолдың балдық деңгейінің жақсаруы Дегелең станциясында ұзын жылжымалы құрамдардан тұратын ауыр салмақты пойыздарды сапарға шығаруға мүмкіндік беріп

отыр. Ал, депо бойынша тасымалдау жұмысының көлемі әрдайым 100 пайыздан артық орындалуда. Ел шығысы мен алыс-жақын шет елдерге көмір тасымалдайтын локомотившілерге әрдайым үздік көрсеткішке жету міндет.

– Локомотив шаруашылығы бейқамдықты көтермейді. Оның үстіне дегелеңдік локомотившілердің жауапкершілігі тіптен жоғары. Әрдайым бабында болып, қалтқысыз қызмет ету міндет. Жұмыс барысында мүлт кету – үлкен шығын әкелуі мүмкін. Міне, осы орайда локомотив бригадаларының кәсібилігін шыңдау бағытында жұмыстар жүргізіледі. Бұл шаралар инженерлік-техникалық қызметкерлер үшін де маңызды саналады. Басты мақсат – қозғалыс қауіпсіздігін сақтау, машинистер өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ету. Бұл орайда арнайы әзірленген жоспар аясында желі бойындағы қауіпсіздік жұмыстарын сақтауда локомотив бригадалары бойынша арнайы инструкторлар өткізілді. Қазіргі күні әр айдағы жұмыстар қорытындыланып, сарапталуда, – дейді Дегелең айналым депосының басшылығы.

Қазіргі күні айналым депосының 7 машинисі және іссапармен келген тағы жеті машинист

тынымсыз жұмыс жүргізуде. Көмір тасымалы қарқын алған кез-де жұмыс көлемі де арта түскен. Машинистер үшін барлық қолайлы жағдай бар. Мәселен, деподағы демалыс үйі биыл күрделі жөндеуден өткізіліпті. 10 демалыс бөлмесі жолаушылар тасымалы мен жүк тасымалын жүргізушілер үшін бөлек, жеке-жеке жабдықталған. Қажетті бұйымдар, кондиционер түгел жаңартылып, ас үйі гарнитурна дейін арнайы тапсырыспен алынууда.

Мұның сыртында ай сайынғы тораптық жиындар өткізілетін мәжіліс бөлмесі, тамақтанатын бөлме мен дәрігерлердің желі бойына шығатын локомотив бригадаларын қабылдау бөлмесі де толықтай жаңартылған. Өндіріс барысындағы жетістікке бұл шаралардың да оң ықпал етері анық.

– Қазіргі таңда айналым депосы бойынша жылдық индикативті жоспар көлемі 40,23 км/сағатты құрайды. Ал, техникалық жылдамдық көрсеткіші тек бір ғана Семей-Дегелең-Семей тегілі бойынша 45,98 км/сағат болып отыр. Сол тәрізді Дегелең-Павлодар бағыты бойынша да қолға алынған жұмыстар жоспарға сай оң нәтиже беруде. Бұл бағыттағы межелі шаралардың барлығы айналым депосында Семей локомотив пайдалану депосының басшысы Болат Сейілхановтың жетекшілігімен өтетін жиындар барысында толықтай сарапқа салынып, қорытындыланып отырады, – дейді Дегелең айналым депосының жетекшісі, ТЧЭ-25 бастығының орынбасары Әсет Нұрланұлы.

Суреттерді түсірген автор



БЕЗОПАСНОСТЬ

ПРОФИЛАКТИКА, ЕЩЕ РАЗ ПРОФИЛАКТИКА

За 7 месяцев текущего года региональными отраслевыми ревизорами Алматинского региона проведено 229 проверок (31 внезапная, 192 целевые и плановые, 6 ночных), выявлено 6340 нарушений. В ходе проверок принято 128 запретных мер.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Проблемы, связанные с обеспечением безопасности движения на железнодорожном транспорте, всегда были и остаются в поле зрения.

Как отмечает региональный главный ревизор Алматинского региона Мейрамбек Серикбаев, основными причинами нарушений является отсутствие качества контроля над работой персонала станции, локомотивных бригад и командно-инструкторского состава.

В частности, по локомотивному хозяйству необходимо повысить ответственность командно-инструкторского состава и локомотивных бригад, своевременно и целенаправленно проводить воспитательно-профилактическую работу, тем самым минимизировать влияние человеческого фактора, требовать от работников неукоснительного выполнения предписанных НТД требований в части безопасного производства работ; в хозяйстве движения качественно разработать ТРА станции и приложения к нему, установить четкое отслеживание своевременного внесения изменений и дополнений в нормативно-техническую документацию. Руководителям среднего звена усилить проведение профилактических работ с работниками станции по недопущению повторения случаев НБД.

Как отмечает главный ревизор, практический во всех хозяйствах отделения отсутствует анализ состояния безопасности движения, по выводам



которого необходимо принимать управленческие меры для исправления ситуации, поэтому при наличии нарушений на линейных предприятиях проводить разборы не на линейном уровне, а в присутствии руководства отделения грузовых перевозок и магистральной сети.

